

**Орта білім ұйымдарындағы оқушылар арасында буллинг, зорлық-зомбылық және
суицидалық қауіптерді анықтауға арналған
АВТОРЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ САУАЛНАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**Авторлар:
Таипова М.К.**

Балалар әл-ауқаты индексін мониторингтеу және диагностикалау
департаментінің директоры "Өркен" Балалар әл-ауқатының
ұлттық ғылыми-практикалық институты" КЕАҚ

Ахметжанова Б.Ж.

Балалар әл-ауқатын диагностикалау зертханасының меңгерушісі
"Өркен" Балалар әл-ауқатының ұлттық ғылыми-практикалық институты" КЕАҚ

Макежанова Ж.К.

Балалар әл-ауқатын диагностикалау зертханасының жетекші маманы "Өркен" Балалар әл-
ауқатының ұлттық ғылыми-практикалық институты" КЕАҚ

Алматы қаласы
2025 жыл

Бұл еңбек – авторлардың шығармашылық қызметінің нәтижесі болып табылатын түпнұсқа шығарма.

АННОТАЦИЯ

Орта білім беру ұйымдарындағы оқушылар арасында буллинг, зорлық-зомбылық және суицидтік қауіптерді анықтауға арналған авторлық диагностикалық сауалнамалар жинағы – "Өркен" Балалар әл-ауқатының ұлттық ғылыми-практикалық институтының (бұдан әрі – Институт) мамандары әзірлеген мәтіндік құралдар кешені.

Бұл еңбек білім беру ортасындағы психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, эмоционалдық әл-ауқаттың бұзылу белгілерін ерте анықтау және дағдарыстық жағдайлардың алдын алу мақсатында жасалған. Сауалнамалар педагог-психологтар мен білім беру жүйесінің басқа да мамандарына оқушылардың психологиялық әл-ауқатына әсер ететін факторларды скринингтік талдау үшін арналған.

Жинақта балалар мен жасөспірімдердің тәжірибесінің әртүрлі аспектілерін қамтитын төрт түпнұсқа сауалнама бар:

Құрдастармен және ересектермен қарым-қатынас, буллинг пен зорлық-зомбылық көріністері;

- эмоционалдық күй мен субъективті қауіпсіздік сезімі;
- мектептегі ахуалды және қолдауды қабылдау;
- стресс, депрессиялық және суицидтік тенденциялардың ерте белгілері.

Әрбір сауалнама авторлық нұсқаулықтармен, баллдық бағалау жүйесімен, интерпретация кілттерімен және мамандарға арналған ұсынымдармен жабдықталған. Сұрақтардың тұжырымдары, шкалалар құрылымы және интерпретациялық тәсілдер – авторлардың кәсіби тәжірибесіне негізделген шығармашылық жұмысының нәтижесі.

Бұл еңбектің мақсаты – білім беру ұйымдарындағы профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыру және оқушылардың психологиялық жағдайындағы ықтимал қауіптерге ерте әрекет етуді қамтамасыз ету.

КІРІСПЕ

Қазіргі білім беру ортасы оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық, буллинг және эмоционалдық дағдарыстардың алдын алу жүйесіне жоғары талаптар қояды. Мұндай жағдайда балалардың психологиялық әл-ауқатының бұзылу белгілерін және олардың эмоционалдық тұрақтылығына, қауіпсіздік сезіміне әсер ететін факторларды ерте анықтау ерекше маңызға ие.

Авторлық диагностикалық сауалнамалар жинағы білім беру саласының мамандарына – педагог-психологтарға, әлеуметтік педагогтарға, сынып жетекшілеріне – ықтимал қауіптерді жедел анықтауға, психологиялық әл-ауқатты бақылауға және мақсатты қолдау шараларын қалыптастыруға арналған практикалық құралдарды ұсыну мақсатында жасалды.

Сауалнамаларды Институтының балалар әл-ауқаты индексін мониторингтеу және диагностикалау департаментінің жұмысының нәтижесі болып табылады.

Жинаққа енгізілген әрбір сауалнама – оқушылардың эмоционалдық жағдайын, әлеуметтік бейімделуін, мектептегі ахуалды қабылдауын және қауіпсіздік деңгейін бағалауға бағытталған біртұтас тұжырымдамамен біріктірілген дербес еңбек. Сауалнамалар балалар аудиториясының жас, гендерлік және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып жасалған және профилактикалық, кеңес беру және мониторингтік жұмыстарда қолдануға болады.

Осылайша, жинақ – балалардың психологиялық әл-ауқатын нығайтуға және қауіпсіз білім беру ортасын құруға бағытталған, авторлардың кәсіби тәжірибесі мен аналитикалық қызметіне негізделген жүйелендірілген авторлық мәтіндер кешені.

1-БӨЛІМ

АВТОРЛЫҚ САУАЛНАМАЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Жинақта оқушылардың психологиялық әл-ауқатын, қауіпсіздік деңгейін және эмоционалдық жағдайын кешенді бағалауға бағытталған төрт дербес, бірақ тұжырымдамалық тұрғыдан өзара байланысты құрал бар. Барлық сауалнамалар ортақ мақсатпен – мектеп ортасындағы буллинг, зорлық-зомбылық, эмоционалдық дезадаптация және суицидтік көріністердің қауіптерін ерте анықтауға бағытталған.

Әрбір сауалнама өзіндік мазмұндық бағытымен, жас ерекшелігіне сай және диагностикалық міндеттерімен ерекшеленеді:

«Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы (2–4 сыныптар) – бастауыш сынып оқушыларына арналған, баланың ересектермен және құрдастарымен қауіпсіз емес қарым-қатынас белгілерін анықтауға бағытталған. Сұрақтар жас ерекшеліктеріне бейімделген, бұл зорлық-зомбылық, қорқыныш, қорлау немесе эмоционалдық қысым жағдайларын жұмсақ түрде анықтауға мүмкіндік береді.

«Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы (5–11 сыныптар) – орта және жоғары сынып оқушыларына арналған. Физикалық, эмоционалдық, вербалды немесе кибербуллинг түрлерін анықтауға көмектеседі. Жасөспірімдердің қорғалғандық сезімін, ата-аналармен, құрдастармен және мұғалімдермен қарым-қатынасын, көмекке жүгіну дайындығын бағалайды.

Зорлық-зомбылық пен психологиялық қысым қауіптерін анықтауға арналған сауалнама – жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайын, отбасылық қысым деңгейін, зорлық-зомбылық үлгілерінің болуын және жалғыздық сезімін зерттеуге бағытталған. Сауалнамада ұлдар мен қыздардың зорлықты қабылдауындағы айырмашылықтарды ескеретін гендерлік сезімтал тұжырымдар бар.

«Мектептегі әлеуметтік-психологиялық ахуал» экспресс-сауалнамасы – мектеп ортасындағы сенім, қабылдау және психологиялық қауіпсіздік деңгейін анықтауға көмектеседі. Сыныптағы ахуалды, мұғалімдер мен құрдастарды қабылдауды бағалауға, қақтығыстар мен эмоционалдық шиеленіс жағдайларын анықтауға мүмкіндік береді.

Психологиялық әл-ауқаттың бұзылу және суицидтік қауіптердің ерте белгілерін анықтауға арналған сауалнама – мазасыздық, депрессия, импульсивтілік, қолдау сезімі және өмірге қанағаттану деңгейін анықтауға бағытталған көпаспектілі құрал. Бұл сауалнама мамандарға оқушылардың дағдарыстық жағдайларын уақытылы байқап, психологиялық көмек ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Әрбір құралдың өзіндік интерпретация шкаласы, баллдық бағалау жүйесі және нәтижелерді талдау алгоритмі бар. Олардың бір жинаққа біріктірілуі оқушылардың эмоционалдық жағдайын динамикада қарастыруға және әртүрлі жас және әлеуметтік топтар арасындағы деректерді салыстыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, жинақ құрылымы балалардың психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге кешенді көзқарасты көрсетеді және мектептерде, психологиялық-педагогикалық қолдау орталық.

2 БӨЛІМ

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚИТЫНДАР АРАСЫНДА БУЛЛИНГ, ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЖӘНЕ СУИЦИДАЛЫҚ ҚАУІПТЕРДІ АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН АВТОРЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ САУАЛНАМАЛАР

Осы скринингтік экспресс-әдістемелер «ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы» КЕАҚ-ның ғылыми қызметкерлері тарапынан білім беру жүйесі мамандарына арналған құрал ретінде әзірленген.

Сауалнамалар білім алушылар арасындағы психологиялық жайсыздықтың, буллингтің, зорлық-зомбылықтың, стигматизацияның және әлеуметтік климат ерекшеліктерінің ерте белгілерін анықтауға арналған.

Алынған деректер суицидтік қауіптің ықтимал предикторларын анықтауға және психологиялық әл-ауқатты нығайтуға, сондай-ақ қауіпсіз білім беру ортасын құруға бағытталған профилактикалық шараларды жоспарлауға мүмкіндік береді.

Материалдар құрамы / Состав материалов:

1. «Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы (2–4 сыныптар, 5–11 сыныптар) /
2. Зорлық-зомбылық пен психологиялық қысым қауіпін анықтауға арналған сауалнама /
3. «Мектептегі әлеуметтік-психологиялық климат» экспресс-сауалнамасы
4. Психологиялық жайсыздық пен суицидтік қауіп белгілерін ерте анықтауға арналған сауалнама

Сауалнама нәтижелері:

- *диагноз қою үшін пайдаланылмайды*
- *тек маман (психолог) тарапынан түсіндірілуі тиіс*
- *әрі қарай әңгімелесу, бақылау немесе кеңес беру үшін негіз бола алады*

1. «САҒАН ҚАЛАЙ ҚАРАЙДЫ» ЭКСПРЕСС-АНКЕТАСЫ (2–4 сыныптар, 5–11 сыныптар)

Бұл сауалнама баланың отбасымен, ересектермен және құрдастарымен өзара әрекеттесуіндегі эмоционалдық және физикалық қысым, жеке шекаралардың бұзылуы мен қауіпсіз емес қарым-қатынас түрлерінің қауіпін анықтауға арналған

Форма екі нұсқада ұсынылған: ұл балалар мен қыз балаларға арналған, әлеуметтік күтулер мен зорлық-зомбылықты қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып

Құралды педагогтар, психологтар және әлеуметтік педагогтар бастапқы скрининг пен профилактикалық жұмыс үшін пайдаланады

Сауалнама психодиагностикалық тест болып табылмайды және диагноз қою үшін қолданылмайды. Нәтижелер маман (психолог) тарапынан түсіндіріледі және баламен әрі қарай бақылау немесе әңгімелесу үшін негіз бола алады

Анкеталаудың мақсаты – баланың өмірінің қай салаларында зорлық-зомбылық бар екенін анықтау. Жас ерекшелігі – жалпы білім беретін мектептің 2–4 сыныптары.

Нұсқаулық: Сәлем! Бұл сауалнама балалардың құқықтарын қорғау мәселелерін анықтау және осы мәселеге қатысты балалардың пікірін білу мақсатында анонимді түрде жүргізіледі. Сұрақтарға шынайы жауап беруіңді сұраймыз. Әр сұраққа өзіңе ең сәйкес келетін бір жауапты таңда.

1.1 «Саған қалай қарайды» экспресс-сауалнамасы (2–4 сыныптар) / Экспресс-анкетирование «Как с тобой обращаются» 2-4 классы

№	Сұрақ / Вопрос	Жауап нұсқалары / Варианты ответов	Ұпай Балл
1	Үйде өзінді қалай сезінесің? / Как ты чувствуешь себя дома?	☐ Әрқашан жақсы және тыныш / <i>Всегда хорошо и спокойно (0)</i> ☐ Кейде мұңайып, қорқамын / <i>Иногда мне грустно и страшно (1)</i> ☐ Жиі ашуланып, ұрсады / <i>Часто мне грустно и страшно (2)</i>	
2	Ата-анаң саған қалай сөйлейді? / Как с тобой разговаривают родители?	☐ Ізетті, мейірімді / <i>Ласково, доброжелательно (0)</i> ☐ Кейде айқайлап, ұруы мүмкін / <i>Иногда говорят обидные слова (1)</i> ☐ Жиі ашуланып, ұрсады / <i>Часто сердятся, ругают (2)</i>	
3	Бір нәрсені дұрыс істемегенде ата-анаң қалай әрекет етеді? / Когда ты что-то сделал(-а) не так, как поступают твои родители?	☐ Маған сабырмен түсіндіреді / <i>Спокойно объясняют мне (0)</i> ☐ Кейде айқайлап, ұруы мүмкін / <i>Иногда могут накричать и ударить (1)</i> ☐ Жиі ұрсады және ұрады / <i>Меня часто ругают и бьют (2)</i>	
4	Қорқып немесе мұңайып тұрған кезде сөйлесіп, көмектесетін ересек адам бар ма? / Когда тебе грустно или страшно, есть ли взрослый, с кем ты можешь поговорить, и он поможет тебе?	☐ Иә, әрқашан бар / <i>Всегда есть такой человек (0)</i> ☐ Әрдайым ондай адам бола бермейді / <i>Не всегда такой человек (1)</i> ☐ Жоқ, сөйлесетін адам жоқ / <i>Нет, мне не с кем поговорить (2)</i>	
5	Мектепте өзінді қалай сезінесің? / Как ты чувствуешь себя в школе?	☐ Әрқашан жақсы және тыныш / <i>Мне всегда хорошо и спокойно (0)</i> ☐ Кейде алаңдап, қорқамын / <i>Иногда мне тревожно и страшно (1)</i> ☐ Жиі алаңдап, қорқамын / <i>Часто мне тревожно и страшно (2)</i>	
6	Бір нәрсені дұрыс істемегенде мұғалімдер қалай әрекет етеді? / Когда ты что-то сделал (-а) не так, как поступают учителя?	☐ Маған сабырмен түсіндіреді / <i>Мне спокойно объясняют (0)</i> ☐ Кейде айқайлауы мүмкін / <i>Иногда могут накричать (1)</i> ☐ Жиі ұрсады және ұрады / <i>Меня часто ругают и бьют (2)</i>	
7	Басқа балалар саған қалай қарайды? / Как к тебе относятся другие дети?	☐ Әрқашан достықпен / <i>Всегда дружелюбно (0)</i> ☐ Кейде мазақтап, ұрад / <i>Иногда дразнят и бьют (1)</i> ☐ Жиі мазақтап, ұрады / <i>Часто дразнят и бьют (2)</i>	

Ұпай / Баллы	Амандық деңгейі / Уровень благополучия	Мәні / Значение
0–3	Амандық / Благополучие	Өзін тыныш әрі қорғалған сезінеді / Чувствует себя спокойно и защищено
4–7	Қауіп аймағы / Зона риска	Кейде мазасыздық, қорқыныш, реніш сезінеді / Иногда испытывает тревогу, страх, обиду
8–14	Мазасыз аймақ / Тревожная зона	Зорлық-зомбылық немесе қауіпсіздіктің белгілері болуы мүмкін / Возможны признаки насилия или небезопасности

Интерпретация

Сауалнама анонимді түрде жүргізілетіндіктен, балалардан алынған жауаптар негізінде жалпы қорытындылар жасауға, сыныптарда, мектепте, отбасында балалардың амандығын нығайтуға бағытталған жұмыс бағыттарын белгілеуге болады.

Буллингтің жоғары ықтималдығы, баланың күйзеліс жағдайы, қорқыныштары мен қорлану белгілері байқалса, ата-аналар мен педагогтардың күшін біріктіру қажет.

Психологқа ұсыныстар:

- Жоғары ұпайлар кезінде — жеке әңгіме жүргізу, қажет болған жағдайда әлеуметтік педагогқа немесе сынып жетекшісіне хабарлау.
- Орташа ұпайлар кезінде — баланың жағдайының динамикасын бақылау, ата-аналарды профилактикалық жұмысқа тарту.
- Төмен ұпайлар кезінде — нәтижелерді амандық пен базалық қауіпсіздік сезімінің дәлелі ретінде пайдалану.

1.2 «Саған қалай қарайды» экспресс-сауалнамасы (5–11 сыныптар)

№	Сұрақ / Вопрос	Жауап нұсқалары / Варианты ответов	Ұпай Балл
1	Сенің ойыңша, балалар көбінесе қай жерде қатігездікке ұшырайды? / Где, по твоему мнению, ребенок чаще всего сталкивается с жестоким обращением?	☐ Ешқашан ұшыраған емеспін / Никогда не сталкивался/лась (0) ☐ Көшеде / Иногда на улице (1) ☐ Мектепте / Иногда в школе (2) ☐ Отбасында / Часто дома, в семье (3)	
2	Ата-анаңмен қарым-қатынасын қандай? / Какие у тебя отношения с родителями?	☐ Өте жақсы, түсінеді / Очень хорошие, понимают (0) ☐ Жалпы жақсы, кейде түсініспеушіліктер болады / В целом хорошие, бывают недопонимания (1) ☐ Жиі ұрысамыз / Часто ссоримся (2) ☐ Нашар, жиі ұрсады / Плохие, часто ругают (3)	
3	Ата-анаң сені жазалағанда қандай шаралар қолданады? / Какие меры чаще всего используют в ходе наказания твои родители?	☐ Мені жазаламайды / Меня не наказывают (0) ☐ Тек сөзбен ескертеді / талқылайды / Только словами / обсуждением (1) ☐ Кейде шектейді, бір нәрседен айырады / Иногда ограничивают, лишают чего-то (2)	

		☐ Физикалық жаза қолданады / <i>Применяют физическое наказание (3)</i>	
4	Ата-анаңның саған қатысты сөздері мен әрекеттерін дұрыс деп санайсың ба? / <i>Ты считаешь правильными слова и действия своих родителей в отношении тебя?</i>	☐ Иә, олардың әрекеттерімен келісемін / <i>Да, я согласен(а) с их действиями (0)</i> ☐ Көбінесе келісемін / <i>Чаще согласен (1)</i> ☐ Кейде келіспеймін / <i>Иногда не согласен (2)</i> ☐ Мүлде келіспеймін / <i>Совсем не согласен (3)</i>	
5	Ата-анаңның әрекетінен өзінді қауіпсіз сезінбеген кездер болды ма? / <i>Бывало ли, что родители поступили с тобой так, что ты почувствовал(а) себя небезопасно?</i>	☐ Ешқашан / <i>Никогда (0)</i> ☐ Өте сирек / <i>Очень редко (1)</i> ☐ Кейде / <i>Иногда (2)</i> ☐ Жиі / <i>Часто (3)</i>	
6	Отбасында өзінді қорғалғандай сезінесің бе? /	☐ Әрдайым өзінді қауіпсіз сезінемін / <i>Всегда чувствую себя в безопасности (0)</i> ☐ Жалпы қауіпсіздікті сезінемін, бірақ әрдайым емес / <i>В целом чувствую, но не всегда (1)</i> ☐ Жиі қолдауды сезінбеймін / <i>Часто не чувствую поддержки (2)</i> ☐ Мүлде қорғансыз сезінемін / <i>Совсем не чувствую защищенности (3)</i>	
7	Әлеуметтік желілерде зорлық-зомбылыққа немесе буллингке ұшырадың ба? / <i>Сталкивался ли ты с насилием или травлей в социальных сетях?</i>	☐ Ешқашан / <i>Никогда (0)</i> ☐ Өте сирек / <i>Очень редко (1)</i> ☐ Кейде / <i>Иногда (2)</i> ☐ Жиі / <i>Часто (3)</i>	
8	Мектепте қандай зорлық түрлеріне ұшырадың? / <i>С какими видами насилия ты сталкивался(-ась) в школе?</i>	☐ Кездеспедім / <i>Не сталкивался(-ась) (0)</i> ☐ Ауызша, эмоциялық зорлық-зомбылық (мысалы, балағаттау, қорлау, айқайлау) / <i>Словесно, эмоциональное насилие (например, оскорбления, унижения, крики) (1)</i> ☐ Физикалық зорлық-зомбылық (мысалы, ұру, итеру, жұлқу) / <i>Физическое насилие (например, удары, толчки, рывки) (2)</i> ☐ Жиі зорлық-зомбылыққа ұшыраймын / <i>Часто подвергаюсь насилию (3)</i>	
9	Егер мектепте зорлыққа ұшырасаң, оны кім жасады? / <i>Если ты столкнулся с насилием в школе, то кто проявлял насилие по отношению к тебе?</i>	☐ Ешкім, кездеспедім / <i>Никто, не сталкивался (0)</i> ☐ Сыныптастар / құрдастар / <i>Одноклассники / ровесники (1)</i>	

		☐ Мұғалімдер / мектеп қызметкерлері / Учителя / сотрудники школы (2) ☐ Екеуі де / И те, и другие (3)	
10	Егер қиын жағдайға тап болсаң, не істейсің? / Если ты окажешься в сложной ситуации, что ты сделаешь?	☐ Ата-анамнан көмек сұраймын / Попрошу помощи у родителей (2) ☐ Достарыммен шешуге тырысамын / Попробую решить проблему с помощью друзей (1) ☐ Директорға барамын / Схожу к директору (1) ☐ Интернеттен кеңес іздеймін / Поищу советы в интернете (0) ☐ Сенім телефонына қоңырау шаламын / Позвоню по телефону доверия (2) ☐ Өзім шешуге тырысамын / Попробую справиться с ситуацией самостоятельно (0) ☐ Психологқа жүгінемін / Обращусь к психологу (2)	

Интерпретация

Сауалнама анонимді түрде жүргізілетіндіктен, оқушылардан алынған жауаптар негізінде ең жалпы қорытындылар жасауға, сыныптарда, мектепте және отбасында балалардың амандығын нығайтуға бағытталған жұмыс бағыттарын белгілеуге болады.

Егер мектептегі зорлық-зомбылықтың жоғары ықтималдығы байқалса, баланың күйзеліс жағдайы, қорқыныштары мен қорлану белгілері болса, ата-аналар мен педагогтардың күшін біріктіру қажет.

Мектеп психологына оқушылардың девиантты мінез-құлыққа бейімділігін тереңірек зерттеу ұсынылады.

2. ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ПЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫСЫМ ҚАУПІН АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

Интерпретацияға түсіндірме

Анкета жасөспірімдердің эмоционалдық әл-ауқат деңгейін, зорлық-зомбылық белгілерінің, қысымның және қауіпсіздік сезімінің бар-жоғын анықтауға бағытталған.

Нәтижелер бес шкала бойынша бағаланады және баланың қай салада қиындықтарға тап болуы мүмкін екенін түсінуге мүмкіндік береді — отбасында, мектепте, құрдастарымен қарым-қатынаста немесе ішкі жан дүниесінде.

Интерпретация кезінде баланың жынысын ескеру маңызды. Анкета сұрақтарының кейбірінде (мысалы, №11 және №13) ұлдар мен қыздарға арналған мағынасы әртүрлі жауап нұсқалары қарастырылған. Бұл сұрақтар әлеуметтік және гендерлік күтулерге, сондай-ақ күйзеліс пен зорлық-зомбылыққа реакция білдіру тәсілдеріне қатысты:

Қыздарда көбінесе эмоционалдық реакциялар байқалады — мазасыздық, мұң, жылауықтық, кінә сезімі, өзін төмен бағалау. Зорлық-зомбылық көбінесе эмоционалдық қысым, елемеу, ұят сезімін тудыру ретінде қабылданады. Сонымен қатар, әлеуметтік және гендерлік күтулерге байланысты оларға жиі «көп сөйлем», «ересектерге қарсы шықпа», «ашуынды

көрсетпе» деген сияқты талаптар қойылады — бұл эмоцияны бақылау мен мойынсұнуға бағытталған.

Ұл балаларда көбінесе мінез-құлықтық реакциялар байқалады — ашушандық, агрессия, тұйықталу, қарсылық, зейіннің төмендеуі. Зорлық-зомбылық көбінесе физикалық немесе вербалды түрде көрініс табады. Сонымен қатар, әлеуметтік және гендерлік күтулерге байланысты ұлдарға жиі «мықты бол», «жылама», «мәселені өзің шеш» деген сияқты ұстанымдар ұсынылады — бұл осалдық пен қорқынышты білдіруге тыйым салуға бағытталған.

Төмендегі жағдайлардағы балаларға ерекше назар аудару қажет:

- Отбасылық қысым немесе құрдастар тарапынан зорлық-зомбылық шкаласы бойынша жоғары көрсеткіштер.
- Қауіпсіздік пен қолдау шкаласы бойынша төмен көрсеткіштер — жалғыздық сезімі, сенімді ересектің болмауы / низкие показатели по шкале безопасности и поддержки — ощущение одиночества, отсутствие доверенного взрослого;
- Эмоционалдық жағдай мен сыртқы қауіпсіздікке қатысты жауаптар арасында сәйкессіздік (мысалы, бала бәрі жақсы деп айтса да, мазасыздық деңгейі жоғары болуы)

Анкета диагноз қоюға арналмаған — бұл скринингтік құрал, ол педагог-психологқа эмоционалдық немесе физикалық әл-ауқаттың бұзылу белгілерін дер кезінде байқап, қолдау көрсетуге көмектеседі

Нәтижелері:

- *диагноз қою үшін пайдаланылмайды*
- *тек маман (психолог) тарапынан түсіндірілуі тиіс*
- *балаға қатысты әрі қарай әңгімелесу, бақылау немесе кеңес беру үшін негіз бола алады*

Жауаптар шкаласы / Шкала ответов: 0 – ешқашан / никогда 1 – сирек / редко 2 – кейде / иногда 3 – жиі / часто 4 – әрдайым / всегда

№	Сұрақ /Вопрос	Ешқашан Никогда 0	Сирек Редко 1	Кейде Иногда 2	Жиі Часто 3	Әрдайым Всегда 4
1	Сен жиі себепсіз мазасыздық немесе қорқыныш сезінесің бе? / Ты часто чувствуешь тревогу или страх без явной причины?	0	1	2	3	4
2	Кейде көңіл-күйің себепсіз күрт өзгеріп, жылағың келіп кетеді ме? / Случается ли, что настроение резко меняется без причины, хочется плакать?	0	1	2	3	4
3	Саған ұйықтау қиын болып, жаман түстер көресің бе? / Часто ли у тебя бывают трудности со сном (трудно уснуть, кошмары)?	0	1	2	3	4
4	Жиі жалғыздық сезінесің бе? / Ты часто испытываешь чувство одиночества?	0	1	2	3	4
5	Саған бір нәрсе ұнамаса, «тоқта» немесе «болмайды» деп айту қиын ба? / Тебе	0	1	2	3	4

	<i>трудно сказать «стоп» или «не надо», если что-то неприятно?</i>					
6	Отбасында өз сезімдерің туралы ашық айту қиын ба? / Ты чувствуешь, что в семье не можешь открыто говорить о своих чувствах?	0	1	2	3	4
7	Үйде саған әділетсіз немесе тым қатал қарай ма? / Бывает ли, что дома к тебе относятся несправедливо или слишком строго?	0	1	2	3	4
8	Сені «тәртіп үшін» деген сылтаумен физикалық жазалаған кез болды ма? / Тебя наказывали физически под предлогом «дисциплины»?	0	1	2	3	4
9	Отбасында сені сөгіп, ренжітіп немесе қорлап айтқан/істеген кездер болды ма? / Случается ли, что в семье тебя критикуют, обижают или унижают словами или делом?	0	1	2	3	4
10	Дененде түсіндіру қиын көгерулер немесе сызаттар қалатын жағдайлар болды ма? / На твоём теле остаются синяки или царапины, которые трудно объяснить?	0	1	2	3	4
11	Сенен мынадай нәрселер күтіле ме: ұл болсаң – «әрқашан мықты болу», қыз болсаң – «тыңдағыш, жақсы қыз болу», тіпті бұл саған ұнамаса да? / От тебя ожидают, что: для мальчиков — ты всегда будешь «сильным, а не слабым»; для девочек — ты всегда будешь «послушной и хорошей девочкой», даже если тебе это неприятно?	0	1	2	3	4
12	Үйде болудан қорқатын кездерің бола ма? / Бывает ли, что тебе страшно находиться дома?	0	1	2	3	4
13	Саған тек ұл немесе қыз болғаның үшін ғана белгілі бір талаптар қойыла ма, жыласаң ұялататын сөздер айтыла ма («Ер бала жыламайды», «Қыз бала тыңдағыш болу керек»)? / Чувствуешь ли ты, что к тебе относятся или предъявляют	0	1	2	3	4

	<i>требования только потому, что ты мальчик или девочка, стыдят если ты плачешь («Мужчина не должен плакать», «Девочка должна быть послушной»)?</i>					
14	Саған тым көп міндет жүктеліп, бұл демалуыңа немесе өз ісіңмен айналысуыңа кедергі келтіре ме (мысалы, ересектерге көмектесу, кіші бауырларға қарау, үй жинау)? / Часто ли ты чувствуешь, что на тебя возлагают слишком много обязанностей (например, помощь взрослым, уход за младшими, уборка), и это мешает тебе отдыхать или заниматься своими делами?	0	1	2	3	4
15	Үйге барғың келмейтін сәттер бола ма? / Бывают моменты, когда не хочется идти домой?	0	1	2	3	4
16	Сені ешкім түсінбейтіндей сезімде боласың ба? / Бывает ли у тебя ощущение, что тебя никто не понимает?	0	1	2	3	4
17	Кейде ашуыңды басқара алмай, өзіңе немесе өзгелерге ашуланасың ба? / Иногда ты не можешь контролировать свой гнев и злишься на себя или других?	0	1	2	3	4
18	Біреу саған ұят немесе ыңғайсыздық тудыратындай көз салып қарады ма, тиісіп сөйледі ме немесе денеңе рұқсатсыз қол тигізді ме? / Кто-то неприлично на тебя смотрел, трогал или говорил непристойные вещи, или прикасался к твоему телу так, что это вызывало у тебя дискомфорт или стыд?	0	1	2	3	4
19	Интернетте саған ұят немесе қорқыныш тудыратын интим сипаттағы хабарламалар немесе суреттер келген кез болды ма? / Получал(-а) ли ты в интернете сообщения или картинки интимного характера, которые вызывали смущение или страх?	0	1	2	3	4

20	Сені сыныптастарың немесе құрдастарың жиі мазақтап, қорлайды ма? / Тебя часто дразнят или унижают одноклассники/сверстники?	0	1	2	3	4
21	Сыныптастарың/құрдастарың сенің рұқсатыңсыз саған қол тигізеді ме (құшақтау, ұстау және т.б.)? / Случается ли, что одноклассники/сверстники трогают тебя против твоей воли (обнимают, хватают и т.п.)?	0	1	2	3	4
22	Құрдастарың сырт келбетің немесе денең туралы жағымсыз сөздер айтып, тиіседі ме? / Бывает ли, что сверстники намекают или говорят тебе что-то неприятное на тему внешности или тела?	0	1	2	3	4
23	Сені елемей, ортадан шеттететін жағдайлар бола ма? / Ты сталкиваешься с тем, что тебя игнорируют или исключают из компании?	0	1	2	3	4
24	Саған біреу соғамын, қорлаймын немесе зиян келтіремін деп қорқытқан кез болды ма, сол үшін өзің үшін қорықтың ба? / Случалось ли, что тебе угрожали побить, унижить или причинить вред, из-за чего ты боялся за себя?	0	1	2	3	4
25	Сен туралы өсек немесе ренжітетін әзілдер таратылған кездер болды ма? / Бывает ли, что о тебе распространяют слухи или обидные шутки?	0	1	2	3	4
26	«Бұл туралы ешкімге айтпа» деген сөзді естідің бе? / Тебе говорили: «Никому не рассказывай» о том, что произошло?	0	1	2	3	4
27	Біреу саған зиян келтіргенін айтуға қорқасың ба? / Ты боишься рассказать о том, что кто-то причинил тебе вред?	0	1	2	3	4
28	Мектепке барудан қорқасың ба немесе өзінді ол жерде қауіпсіз сезінбейсің бе? / Тебе страшно идти в школу или ты	0	1	2	3	4

	<i>не чувствуешь себя там в безопасности?</i>					
29	Кейде барлық жаман нәрсеге өзің кінәлісің деп ойлайсың ба? Өзіңді жазалайсың ба (тамақ ішпеу, ойнамау, бөлектену, өзіңе зиян келтіру)? <i>/ Иногда тебе кажется, что ты виноват (-а) во всем плохом, что происходит. Ты наказываешь себя (ничего не ешь, не играешь, закрываешься, делаешь себе больно, щипаешь, царапаешь, бьешь себя)?</i>	0	1	2	3	4
30	Сені түсініп, қолдайтын ересек адам бар деп ойлайсың ба? / Ты чувствуешь, что есть взрослый, который тебя понимает и поддерживает?	4	3	2	1	0
31	Өзіңді қорғалған сезінесің бе? / Чувствуешь ли ты себя защищенным?	4	3	2	1	0

Кілттер мен интерпретация / Ключи и интерпретация

Шкала атауы / Название шкалы	Сұрақ / вопросы	Сұрақ түр / Тип вопроса	Түсіндіру / Интерпретация
1-шкала. Эмоциялық жағдай / Шкала 1. <i>Эмоциональное состояние</i>	1, 2, 3, 4, 16, 17, 29	Тікелей / Прямая	0–9 — төмен / низкий: эмоциялық тұрақтылық, мазасыздық жоқ / эмоциональная стабильность, тревожность отсутствует; 10–18 — орташа / средний: эмоциялық ауытқулар, ішкі кернеу / умеренные эмоциональные колебания, внутреннее напряжение; 19–28 — жоғары / высокий: айқын мазасыздық, стресс, аутоагрессия / выраженная тревожность, стресс, аутоагрессия
2-шкала. Отбасылық қысым және зорлық-зомбылық / Шкала 2. <i>Семейное давление и насилие</i>	5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 15, 27	Тікелей / Прямая	0–9 — төмен / низкий: қауіпсіз атмосфера, сенімді қарым-қатынас / безопасная атмосфера, доверительные отношения в семье; 10–19 — орташа / средний: қысым, жанжал немесе әділетсіздік эпизодтары / отдельные эпизоды давления, конфликтов или несправедливости; 20–36 — жоғары / высокий: физикалық, эмоциялық немесе вербалды зорлық-зомбылық қаупі / риск физического, эмоционального или вербального насилия

3-шкала. Гендерлік күтулер және әлеуметтік рөлдер / Шкала 3. Гендерные ожидания и социальные роли	11, 13, 14	Тікелей / Прямая	0–4 — төмен / низкий: рөлдердің икемділігі, эмоцияларды қабылдау / гибкость ролей, принятие эмоций; 5–8 — орташа / средний: әлеуметтік қысым белгілері / умеренные признаки социального давления; 9–12 — жоғары / высокий: айқын гендерлік қысым, эмоцияларға тыйым / выраженное гендерное давление, запрет на эмоции
4-шкала. Құрдастар тарапынан зорлық / Шкала 4. Насилие со стороны сверстников	18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 28	Тікелей / Прямая	0–10 — төмен / низкий: қауіпсіз орта, жайлы қарым-қатынас / безопасная среда, комфортные отношения; 11–21 — орташа / средний: буллинг, қорқыту немесе келемеждеу жағдайлары / отдельные случаи буллинга, угроз или насмешек; 22–40 — жоғары / высокий: буллинг, киберзорлық немесе физикалық қысым қауіпі / риск буллинга, кибернасилия или физического давления
5-шкала. Қауіпсіздік және қолдау / Шкала 5. Безопасность и поддержка	30, 31	Кері / Обратная	0–2 — жоғары қауіп / высокий риск: қорғаныш сезімі жоқ, жалғыздық / нет чувства защищенности, одиночество; 3–5 — орташа қауіп / средний риск: ішінара қолдау, тұрақсыз қарым-қатынас / частичная поддержка, неустойчивые отношения; 6–8 — төмен қауіп / низкий риск: қауіпсіздік сезімі, сенімді ересектер бар / ощущение безопасности, есть доверенные взрослые
Жалпы қауіп индексі / Общий индекс риска	Барлық 31 сұрақ / Все 31 вопрос	Жиынтық / Суммарный	

3. ЭКСПРЕСС-САУАЛНАМА «МЕКТЕПТЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ» (5–11 сыныптар)

Анкета орта және жоғары сынып оқушыларының психологиялық қауіпсіздік деңгейін, эмоционалдық жағдайын және зорлық-зомбылық тәжірибесін анықтауға арналған. /

Ол баланың мектепте және отбасында өзін қорғалған, қабылданған және құрметтелетін сезінетінін анықтауға, сондай-ақ эмоционалдық немесе физикалық зорлық-зомбылық, буллинг және ішкі күйзеліс қауіпін анықтауға көмектеседі.

Анкета алты бағыт бойынша топтастырылған 30 тұжырымнан тұрады:

- Эмоционалдық жағдай және өзін-өзі бағалау — ішкі тұрақтылықты, мазасыздық деңгейін және өзін қабылдауды көрсетеді.
- Сыныптағы әлеуметтік-психологиялық ахуал — баланың ұжымда қаншалықты жайлы сезінетінін, қолдау мен қабылдауды сезінетінін көрсетеді.
- Зорлық-зомбылықты жеке бастан өткеру (жәбірленуші немесе куәгер) — агрессиямен, қорқытумен, әділетсіздікпен бетпе-бет келу фактілерін анықтайды.
- Өзінің агрессиялық көріністері — ашуды білдіру тәсілдерін және жанжал жағдайларына реакцияны түсінуге көмектеседі.
- Зорлық-зомбылықты эмоционалдық қабылдау (эмпатия) — жанашырлық қабілетін, басқалардың ауырсынуына сезімталдықты бағалайды.
- Қауіпсіздік және қорғалу — әлемге деген сенімділікті, ересектер мен достардың қолдауының болуын көрсетеді.

Құрметті оқушы!

Сенің көңіл-күйің мен мектептегі жағдайың біз үшін маңызды. Анкетаны толтыру арқылы сен өзіңнің сезімдерің мен тәжірибең туралы бөлісесің. Бұл ақпарат жасырын түрде өңделеді және тек саған қолдау көрсету үшін қолданылады.

Әр тұжырымды оқып, өз жағдайыңа сәйкес келетін жауапты таңда.

Бағалау шкаласы: 0 – ешқашан / *никогда* 1 – сирек / *редко* 2 – кейде / *иногда* 3 – жиі / *часто* 4 – әрдайым / *всегда*

Жауаптарың шынайы болса, біз саған жақсырақ көмектесе аламыз. Рақмет!

Өзіңіз оқитын мектептің № белгіле _____/Укажите № школы, в которой ты учишься

Қай сыныпта оқисың? / В каком классе ты учишься?

- 5 сынып/класс
- 6 сынып/класс
- 7 сынып/класс
- 8 сынып/класс
- 9 сынып/класс
- 10 сынып/класс
- 11 сынып/класс

Сенің жынысың қандай? / Твой пол

- Ұл / Мальчик
- Қыз / Девочка

№	Сұрақ / Вопрос	Ешқашан Никогда 0	Сирек Редко 1	Кейде Иногда 2	Жиі Часто 3	Әрдайым Всегда 4
1. Эмоционалдық жағдай және өзін-өзі бағалау/ Эмоциональное состояние и самооценка						
1	Маған өзімнің қандай екенім ұнайды / Мне нравится, какой(ая) я есть	4	3	2	1	0
2	Мен жиі мазасыздық, ашу немесе мұң сезінемін* / Я часто чувствую тревогу, раздражение или грусть*	0	1	2	3	4

3	Қателесем де, өзіме сенімдімін / <i>Я уверен(а) в себе, даже если совершаю ошибки</i>	4	3	2	1	0
4	Кейде өзімді дәрменсіз сезінемін* / <i>Иногда я чувствую себя беспомощным(ой)*</i>	0	1	2	3	4
5	Қазіргі сәтте не сезініп тұрғанымды түсіну маған оңай / <i>Мне легко понять, что я чувствую в данный момент</i>	4	3	2	1	0
2. Сыныптағы әлеуметтік-психологиялық ахуал / Социально-психологический климат класса						
6	Біздің сыныпта бір-бірімізге көмектесу қабылданған / <i>В нашем классе принято помогать друг другу</i>	4	3	2	1	0
7	Көпшілік оқушылар маған достықпен және құрметпен қарайды / <i>Большинство ребят дружелюбны и уважительно относятся ко мне</i>	4	3	2	1	0
8	Сыныпта жиі ұрыс-керіс пен жанжал болады* / <i>В классе часто бывают ссоры и конфликты*</i>	0	1	2	3	4
9	Мұғалімдер барлығына әділ болуға тырысады / <i>Учителя стараются быть справедливыми со всеми</i>	4	3	2	1	0
10	Мен өзімді сыныпта артық адам сияқты сезінемін* / <i>Я чувствую себя лишним(ей) в нашем классе*</i>	0	1	2	3	4
3. Зорлық-зомбылықты жеке бастан өткеру (жәбірленуші / куәгер) / Личный опыт насилия (жертва / наблюдатель)						
11	Мен біреудің ренжітіліп жатқанын көрдім* / <i>Я видел(а), как кого-то обижают, унижают или запугивают в школе*</i>	0	1	2	3	4
12	Өзім мазаққа немесе ренжітуге ұшыраған кездер болды* / <i>Я сам(а) становился(ась) объектом насмешек или обид*</i>	0	1	2	3	4
13	Маған дөрекі немесе әділетсіз түрде қарайды* / <i>Бывает, что со мной обращаются грубо или несправедливо*</i>	0	1	2	3	4
14	Мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін / <i>Я чувствую себя в школе в безопасности, я могу быть собой</i>	4	3	2	1	0
15	Мұғалімдерден қорқамын (айқай, жаза)* / <i>Я боюсь реакции учителей, преподавателей, администрации, директора (например, крика, наказания)*</i>	0	1	2	3	4
4. Өзінің агрессиялық көріністері / Собственные проявления агрессии						
16	Кейде басқаларды әзіл үшін мазақтаймын* / <i>Я иногда дразню других, просто ради шутки*</i>	0	1	2	3	4

17	Ашулансам, дөрекі сөз айтуым мүмкін* / Если меня злят, я могу сказать грубость или ударить*	0	1	2	3	4
18	Ашуды ұстап тұру қиын* / Мне сложно сдерживать злость, когда я раздражен(а)*	0	1	2	3	4
19	Жанжалдарды тыныш шешуге тырысамын / Я стараюсь решать конфликты спокойно, без ссор	4	3	2	1	0
20	Біреу жазасын алғанда қанағат сезінемін* / Иногда я чувствую удовольствие, когда кто-то получает по заслугам*	0	1	2	3	4
5. Зорлық-зомбылықты эмоционалдық қабылдау (эмпатия) / Эмоциональное восприятие насилия (эмпатия)						
21	Біреудің ренжітілуі маған жағымсыз / Мне неприятно видеть, как кого-то обижают	4	3	2	1	0
22	Әділетсіздікті көрсем, араша түсемін / Я стараюсь заступиться, если вижу несправедливость	4	3	2	1	0
23	Басқаларды мазақтағанда бәрібір* / Мне все равно, когда других дразнят — это не мое дело*	0	1	2	3	4
24	Біреуді ренжітіп алсам, кінә сезінемін / Я чувствую вину, если случайно кого-то обидел(а)	4	3	2	1	0
25	Күшпен бәріне қол жеткізуге болады* / Я считаю, что можно всего добиться силой*	0	1	2	3	4
6. Қауіпсіздік және қорғалу / Безопасность и защищенность						
26	Мектепке барғаным ұнайды / Мне нравится ходить в школу	4	3	2	1	0
27	Қиын жағдайда жүгінетін ересек адамым бар / У меня есть взрослый, к которому я могу обратиться в трудной ситуации	4	3	2	1	0
28	Мектепте достарым бар / У меня есть друзья в школе	4	3	2	1	0
29	Өз сезімдерім туралы айту оңай / Мне легко говорить о своих чувствах и переживаниях	4	3	2	1	0
30	Мектеп — қорғану қажет жер сияқты* / Иногда я думаю, что школа — это место, где нужно защищаться*	0	1	2	3	4

Кілттер мен интерпретация / Ключи и интерпретация

№	Шкала атауы / Название шкалы	Сұрақтар (тура / кері)	Интерпретация / Интерпретация
---	------------------------------	------------------------	-------------------------------

		Вопросы (прямые / обратные)	
1	Эмоционалдық жағдай және өзін-өзі бағалау / <i>Эмоциональное состояние и самооценка</i>	Тура: 1, 3, 5 Кері: 2, 4	16–20 балл — тұрақты эмоционалдық жағдай, өзіне сенімділік / стабильное эмоциональное состояние, уверенность в себе. 10–15 — орташа тұрақтылық, кейде мазасыздық / умеренная устойчивость, периодическая тревожность. 0–9 — тұрақсыздық, сенімсіздік, ішкі күйзеліс / неустойчивость, неуверенность, внутреннее напряжение.
2	Сыныптағы әлеуметтік- психологиялық ахуал / <i>Социально- психологический климат класса</i>	Тура: 6, 7, 9 Кері: 8, 10	16–20 — қолайлы, қолдаушы орта / комфортная, поддерживающая атмосфера. 10–15 — бейтарап, жекелеген қиындықтар / нейтральный климат, отдельные трудности. 0–9 — қақтығысты, шеттетілген атмосфера, қолдаудың төмендігі / конфликтная, отчужденная среда, низкая поддержка.
3	Зорлық-зомбылықты жеке бастан өткеру (жәбірленуші / куәгер) / <i>Личный опыт насилия (жертва / наблюдатель)</i>	Тура: 14 Кері: 11, 12, 13, 15	16–20 — зорлық жағдайларына жоғары қатыстылық (жәбірленуші немесе куәгер) / высокая вовлеченность в ситуации насилия (жертва или свидетель). 10–15 — эпизодтық зорлық көріністері / эпизодические проявления агрессии. 0–9 — қауіпсіздік сезімі, агрессия қауіп төмен / ощущение безопасности, низкий риск агрессии.
4	Өзінің агрессиялық көріністері / <i>Собственные проявления агрессии</i>	Тура: 19 Кері: 16, 17, 18, 20	16–20 — айқын агрессия, өзін-өзі бақылаудың әлсіздігі / выраженная агрессия, слабый самоконтроль. 10–15 — орташа агрессия, жағдайға байланысты көріністер / умеренные проявления агрессии, ситуативные. 0–9 — агрессия деңгейі төмен, сабырлы реакция / низкий уровень агрессии, спокойные реакции.
5	Зорлық-зомбылықты эмоционалдық қабылдау (эмпатия) Эмоциональное восприятие насилия (эмпатия)	Тура: 21, 22, 24 Кері: 23, 25	16–20 — жоғары эмпатия, зорлықты қабылдамау / высокая эмпатия, неприятие насилия. 10–15 — орташа жанашырлық / умеренная сочувственность 0–9 — сезімталдық төмен, агрессияға төзімділік / низкая чувствительность, терпимость к агрессии.
6	Қауіпсіздік және қорғалуБезопасность и защищенность	Тура: 26, 27, 28, 29 Кері: 30	16–20 — тұрақты қауіпсіздік сезімі, ересектерге сенім / устойчивое чувство безопасности, доверие взрослым. 10–15 — орташа қорғалу сезімі / средний уровень защищенности.

			0–9 — мазасыздық, қауіп сезімі, сенімсіздік / тревожность, неуверенность, чувство угрозы.
--	--	--	--

Жалпы интерпретация

Жалпы әл-ауқат индексі = барлық шкала бойынша жинақталған баллдар сомасы (максимум — 120 балл) /

- **96–120 балл** — психологиялық әл-ауқаттың жоғары деңгейі, қолайлы және достық атмосфера
- **60–95 балл** — орташа деңгей, жекелеген проблемалық аймақтар бар (агрессия, мазасыздық, сенімсіздік)
- **59 балл және төмен** — қолайсыз әлеуметтік-психологиялық ахуал, айқын ішкі кернеу немесе қауіп сезімі

Шкалалардың сипаттамасы

1. Эмоционалдық жағдай және өзін-өзі бағалау. Бұл шкала оқушының ішкі тұрақтылық деңгейін, өзіне сенімділігін, эмоционалдық тұрақтылығын және өз сезімдерін түсіну қабілетін сипаттайды. Жоғары баллдар — өзін оң қабылдау, эмоцияны басқару, қиын жағдайларда сабыр мен сенімділік. Төмен баллдар — сенімсіздік, мазасыздық, ашушандық, дәрменсіздік сезімі және өз сезімдерін түсінудегі қиындықтар.

2. Сыныптағы әлеуметтік-психологиялық ахуал. Бұл шкала оқушының сыныптағы атмосфераны қалай қабылдайтынын сипаттайды: қолдау, өзара көмек, құрмет және әділеттілік деңгейі. Жоғары баллдар — қолайлы, достық климат, ұжымға тиістілік сезімі. Төмен баллдар — қақтығыстар, шеттету сезімі, сыныптастармен немесе мұғалімдермен шиеленісті қарым-қатынас.

3. Зорлық-зомбылықты жеке бастан өткеру (жәбірленуші / куәгер). Бұл шкала оқушының мектепте немесе үйде вербалды, эмоционалдық немесе физикалық зорлықты жеке бастан өткеруін немесе куәгер болуын анықтайды. Жоғары баллдар — агрессия жағдайларымен жиі бетпе-бет келу (жәбірленуші немесе куәгер ретінде). Төмен баллдар — қауіпсіздік, қорғалу және айналаға сенім сезімі.

4. Өзінің агрессиялық көріністері. Бұл шкала оқушының агрессиялық мінез-құлыққа бейімділігін, импульсивтілігін, өзін-өзі бақылау қиындықтарын және тітіркендіргіштерге реакция тәсілдерін сипаттайды. Жоғары баллдар — айқын агрессиялық тенденциялар, эмоцияны бақылаудың төмендігі, жанжалдарды күшпен немесе дөрекілікпен шешу. Төмен баллдар — жақсы дамыған өзін-өзі бақылау, конструктивті қарым-қатынас тәсілдері, төмен жауласушылық.

5. Зорлық-зомбылықты эмоционалдық қабылдау (эмпатия). Бұл шкала оқушының эмпатия деңгейін, басқалардың сезімдеріне сезімталдығын, жәбірленушілерге көмектесуге дайын болуын өлшейді. Жоғары баллдар — жанашырлық қабілеті, қатыгездік пен зорлықты қабылдамау. Төмен баллдар — эмоционалдық салқындық, немқұрайдылық, агрессияға төзімділік, бұл зорлықшыл көзқарастардың қалыптасу қаупін арттыруы мүмкін.

6. Қауіпсіздік және қорғалу. Бұл шкала оқушының мектептегі субъективті қауіпсіздік және сенім сезімін бағалайды — достардың, маңызды ересектердің, эмоционалдық жайлылық пен өзін еркін білдіру мүмкіндігінің болуы. Жоғары баллдар — қабылдану, қолдау, мектеп тарапынан қорғалу сезімі. Төмен баллдар — қауіп, мазасыздық, әлеуметтік оқшаулану, мектепте «қорғану» қажеттілігі.

4. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛАЙСЫЗДЫҚ ПЕН СУИЦИДТІК ҚАУІП БЕЛГІЛЕРІН ЕРТЕ АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

Анкетаның мақсаты: эмоционалдық қолайсыздық, мазасыздықтың жоғары деңгейі, күйзеліс, депрессия және суицидтік ойлардың болуы мүмкіндігін анықтау. Нәтижелер мамандарға жасөспірімдердің сезімдерін жақсырақ түсінуге және қауіпсіз, қолдаушы, мейірімді мектеп ортасын құруға көмектеседі.

Жас ерекшелігі: 5–11 сынып оқушылары

Қатысушыға нұсқаулық: Бұл анкета — сенің өзіңді қалай сезінетінің, неге алаңдайтының және өзіңе, өміріңе қалай қарайтының туралы. Сенің жауаптарың бізге сенің ішкі жағдайыңды түсінуге және өзіңді қауіпсіз, тыныш сезінуіңе көмектесетін жолдарды табуға көмектеседі. Анкета жасырын түрде толтырылады — сенің жауаптарыңды ешкім білмейді. Оларды мұғалімдер, ата-аналар немесе мектеп әкімшілігі көрмейді, және бұл сенің бағаларыңа немесе біреумен қарым-қатынасыңа әсер етпейді. Бұл тест емес, тексеру де емес — мұнда дұрыс немесе бұрыс жауаптар жоқ. Біз үшін ең маңыздысы — сенің жеке пікірің мен тәжірибең.

Егер сауалнама барысында сен қобалжу, мазасыздық немесе шаршау сезінсең — тоқтап, демалып алуға болады. Бұл қалыпты жағдай. Әр сұраққа жауап беруге тырыс. Егер сен жауапқа толық сенімді болмасаң немесе сұрақ түсініксіз көрінсе де, өзіңше жауап беруге тырыс — бұл маңызды.

Сауалнама күні _____

1. Қай сыныпта оқисың?

- 5 сынып/класс
- 6 сынып/класс
- 7 сынып/класс
- 8 сынып/класс
- 9 сынып/класс
- 10 сынып/класс
- 11 сынып/класс

2. Менің жынысым

